

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3 қаулысын Қазақстан Республикасы Конституциясының 79-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру бөлігінде қайта қарау туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2004 жылғы 18 маусымдағы N 7 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға И.И.Рогов және Кеңес мүшелері Қ.Ә.Әбішев, Қ.Ж.Балтабаев, С.Ф.Бычкова, А.К.Котов, Қ.Ә.Омарханов қ а т ы с қ а н к ұ р а м д а , м ы н а л а р д ы ң :

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік-құқық басқармасының сот жүйесі мәселелері жөніндегі бөлім меңгерушісі П.А.Пақырдіновтің

Республика Бас Прокурорының орынбасары А.Қ.Дауылбаевтың, Республика Әділет вице-министрі С.Н.Баймағанбетовтің, Республика Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімгершілігі жөніндегі комитеттің төрағасы В.М.Борисовтың қ а т ы с у ы м е н ,

өз бастамасы бойынша ашық отырыста Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің "Қазақстан Республикасы Конституциясы 4-бабының 1-тармағын, 14-бабының 1-тармағын, 77-бабы 3-тармағының 3) тармақшасын, 79-бабының 1-тармағын және 83-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы" 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3 қаулысын қайта қарау туралы мәселені қарады.

Қолдағы бар материалдарды зерделеп, баяндамашыны - Конституциялық Кеңестің мүшесі С.Ф.Бычкованы және отырысқа қатысушыларды тыңдап, **Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі** мынаны **анықтады:**

Конституцияның 79-бабының 1-тармағын түсіндірген кезде, Конституциялық Кеңестің қайта қаралып отырған қаулысының уәждеу бөлігінде мынадай деп атап к ө р с е т і л г е н :

"Аталған Жарлықтың 8-бабының 1-тармағына сәйкес бірінші сатыдағы соттарда істерді қарауды судья жеке, ал ерекше жағдайларда тұрақты үш судьяның құрамында жүзеге асырады" (7-тармақтың екінші абзацы);

"Қолданылып жүрген заңда белгіленген тұрақты судьялардан тұратын соттармен салыстырғанда бұрын болған халық соттары және басқа елдердегі қазіргі ант берген судьялар судьялардың тұрақтылық және кәсібилік сияқты белгілерін иеленбейді" (7-тармақтың үшінші абзацы).

Конституциялық Кеңес қаулысының қаулы алу бөлігінде мынадай деп белгіленген : "...7. Конституцияның 79-бабының 1-тармағының нормасы мен сот құрылысы

туралы қолданылатын заң соттар тек кәсіби, тұрақты судьялар құрамында құрылатынын ескереді. Республикада қолданылатын құқық бойынша соттарды басқа құрамда құру ескерілмеген".

Республика Конституциясының 79-бабының 1-тармағына ресми түсіндірмені Конституциялық Кеңес "Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 7 қазандағы N 284-I Заң қабылданғанға дейін берген болатын, бұл заң Негізгі Заңның 75-бабының 2-тармағын мынадай ережемен толықтырды: "заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқа заседательдерінің қатысуымен жүзеге асырылады".

Осылайша, Конституциялық Кеңестің 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3 қаулысының уәждеу бөлігі 7-тармағының екінші және үшінші абзацтары және қаулы алу бөлігінің 7-тармағы 1998 жылғы 7 қазандағы редакциясындағы Республика Конституциясының 75-бабының 2-тармағына сәйкес келмейді.

Баяндалғанның негізінде, "Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығының 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасын және 2, 3-тармақтарын, 31-33-тармақтарын, 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, **Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:**

1. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің "Қазақстан Республикасы Конституциясы 4-бабының 1-тармағын, 14-бабының 1-тармағын, 77-бабы 3-тармағының 3) тармақшасын, 79-бабының 1-тармағын және 83-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы" 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3 қаулысы ережелерінің, Қазақстан Республикасы Конституциясының 79-бабының 1-тармағын "алқа соты институтын" құру мәселесі бойынша ресми түсіндіру бөлігінде күші жойылсын.

Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3 қаулысының уәждеу бөлігі 7-тармағының екінші және үшінші абзацтары;

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3 қаулысының қаулы алу бөлігінің 7-тармағы.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді және шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабының 4-тармағында көзделген ретті ескере отырып, түпкілікті болып табылады.

3. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің*

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК